

## Көшелерге атау беру туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Мөңке би ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 20 мамырдағы N 3 шешімі. Ақтөбе облысының Шалқар аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 5 маусымда N 3-13-111 тіркелді

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Мөңке би ауылдық округі әкімінің 05.12.2014 № 18 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Мөңке би ауылдық округі әкімінің 07.04.2017 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес және Мөңке би ауылдық округі Мөңке би ауылының халқының пікірін ескере отырып, Шалқар ауданы Мөңке би ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Мөңке би ауылдық округі әкімінің 05.12.2014 № 18 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мөңке би ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, Мөңке би ауылының көшелеріне төмендегідей атаулар берілсін:

- 1) Тәуелсіздік көшесі
- 2) Бейбітшілік көшесі
- 3) Мөңке би көшесі
- 4) Желтоқсан көшесі
- 5) Ардагерлер көшесі
- 6) Шалқар көшесі
- 7) Еңбек көшесі
- 8) Қайыр көшесі
- 9) Вокзал маңы көшесі
- 10) Теміржолшылар көшесі
- 11) Жағалау көшесі

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мөңке би ауылдық округі әкімі:*

*Ж.А. Тлеубергенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК